


Мен сынып жетекшісімін



**Менің сынып жетекші ретінде
жұмысымның мақсаты:**

**Талантты, сауатты , шығармашылыққа
толы, дені сау, елжанды ,Отанын сүйетін,
еңбексүйгіш,рухани азығы мол,өз пікірі
қалыптасқан, қоғамда өз орнын таба
білетін тұлға тәрбиелеу**



“Тәрбие процессі оқушының жеке қызметі және тәрбиешінің оған бағыт беріп ,жүйелеу шеберлігі негізінде қалануы тиіс” Л.С.Выготский

Менің педагогикалық принциптерім:

- ✓ **Әр бала ерекше дарын иесі**
- ✓ **Сәттілікке жетелей білу керек**
- ✓ **Оқушы бұл өсіп келе жатқан тұлға**
- ✓ **Әр дайым көмек қолын соз**



**Ұстаз ... жаратылысынан өзіне
айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген,
естіген және аңғарған нәрселердің бәрін
жадында жақсы сақтайтын, бұлардың еш
нәрсені ұмытпайтын ... алғыр да,
алғарымпаз, ақыл иесі, ... мейлінше шешен,
өнер білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны
асқақ және ар намысын ардақтайтын,
жақындарына да, жат адамдарына да әділ
...., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік
көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді
білмейтін батыл, ер жүрек болу керек.**

Әл - Фараби



Қарабала Айжан Сайлаубекқызы

10 «Ә» сынып жетекшісі

Пед.өтілі-7 жыл

Шығармашылық жұмыс тақырыбы:

**Жобалау технологиясы бойынша
оқушылардың тәрбие жұмысын
ұйымдастыру және шығармашылыққа
баулу**

Аты-жөні: Қарабала Айжан Сайлаубекқызы
Туған жері, күні, айы, жылы: Отырар ауданы, Шәуілдір елді мекені,
1 тамыз 1979жыл.

Ұлты: Қазақ
Мекен-жайы: Шілік елді мекені
Жұмыс орны: М.Шаханов атындағы жалпы орта мектеп
Мамандығы: Тарих пәні мұғалімі.
Бітірген оқу орны: Абай атындағы қазақ ұлттық университеті.М.Әуезов ОҚМУ,АӘИУ

Мамандығы : Ағылшын тілі пәнінің мұғалимасы
Біліктілігі: жалпы
Білімі: Жоғары
Жұмыс өтілі: 7
Сүйікті ісі: көркем әдебиеттер оқу
Білім жетілдіру курсынан өтуі: 2014жыл.
Жетістігі мен мадақталуы:
Қандай тілді білетіндігі: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, түрік тілі

The background features a warm, autumnal theme. A large, stylized orange and yellow arc curves across the top and bottom. In the top left, a vibrant red maple leaf is positioned. At the bottom left, an open book with white pages and a blue bookmark is shown, surrounded by several autumn leaves in shades of red, orange, and yellow. Small white floral motifs are scattered at the bottom. The central text is contained within a dark red rectangular box with a thin orange border.

**Адам тағдырын тәрбие
шешеді, тәрбие құралы –сөз.
О.Сүлейменов**



ОҚУШ ЫЛАР ЕРЕЖ ЕСІ

Оқушылардың сабаққа дейін, сабақтан кейін өзін өзі ұстау ережесі:

Үзіліс кезіндегі оқушының міндеті:

Өзінің жұмыс орынын тәртіпке келтіру тазарту;

· Мұғалімнің талаптарына бағыну;

· Мұғалім ескертсе сыныптан шығу;

· Үзіліс кезінде оқушы мектептің ішінде оқушының қауіпсіздігі үшін тиым салынған (мектептің төбесі, подвал, физикалық, химиялық лаборатория) жүруге болмайды, басқа жерлерде еркін жүре алады;

· Үзіліс кезінде оқушыларға әкімшіліктің және сынып жетекшілердің рұқсатынсыз мектеп ауласына шығуға болмайды;

· Үзіліс кезінде оқушыларға бірін бірі итеруге, күш қолдануға болмайды;

· Терезе жақтауында отыруға, өз бетімен терезені ашуға қатаң тиым салынады;

· Үзіліс кезінде оқушылар баспалдақпен жүгіруге, ойынға арналмаған жерлерде жүгіруге болмайды;

· Кезекші сынып кезекші мұғалімге үзіліс кезіндегі тәртіпке көмектеседі;

Сабақ кезіндегі тәртіп:

· Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрады, амандасады;

· Сабақ кезінде өзінің де өзгенің де керекті білім алуына кедергі жасайтындай шу, бөтен әңгіме, сабаққа керек емес нәрселер болмау керек.

Қатаң тиым салынады:

1. Мектептің күнделікті ережесін бұзуға /себепсіз сабаққа кешігу, келмей қалу/

2. Мектепке сай формасын сақтамауға;

3. Спирттік ішімдіктер, темекі, наша және насыбай қолдануға, сағыз шайнауға;

4. Кешкі уақытта қоғамдық орындарда, көшеде жүруге;

5. Басқа оқушылардың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттер жасауға;

6. Мектеп оқушылардың бағалы заттардың жоғалуына жауап бермейді (ұялы, телефон, құнды заттар, ақша);

7. Компьютерлік клубтарға баруға;

8. Мектепке денсаулыққа зиянды, жанғыш, өткір, кескіш заттарды, газ баллондарын әкелуге.

О Қ У Ш Ы Л А Р Е Р Е Ж Е С І

Әр оқушы өз бойында Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті

1. Ғылым мен білімнің негізін қалап, өз біліміңді жетілдір.
2. Сабаққа кешікпей таза, ұқыпты киініп сабаққа керекті құрал жабдықтарыңмен дайын кел.
3. Ең бірінші мұғалім талабына сәйкес күнделікті көрсет және күнделікті үй тапсырмасын жаз.
4. Мектеп ішіндегі, мектеп ауласындағы жұмыстарға шамаң келгенше көмектес.
5. Қоғамдық өмірге белсене араласып өзіңді саналы түрде болашақ мамандық таңдауға дайында. Еңбек тәрбиесі бойынша тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік техника ережелерін қатаң сақта. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін оқып, біл және сақта
6. Мектептің қоғамдық-мәдени іс-шараларына, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына белсене қатыс.
7. Туған жердің табиғатын, халқыңның байлығын сақтап, қорғап көбейтуге ат салыс.
8. Мектептің, өзіңнің және басқаның мүлкін сақтауға, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақта.
9. Оқушы мектеп мүлігін бүлдірсе, оны ата-анасы орынан келтіру керек;
10. Біреудің затын рұқсатсыз иемденуге болмайды, жоғалған немесе ұмытып кеткен затты кезекші мұғалімге немесе әкімшілікке тапсыру керек;
11. Сабақ кезінде медбикенің немесе сынып жетекшінің рұқсатынсыз кетуге болмайды;
12. Босатылған сабақтар үшін оқушы сынып жетекшіге анықтама немесе ата-анасынан ескертпе қағаз әкелу керек;
13. Салауатты өмір салтын сақтап, жүйелі түрде спортпен айналысып, шынық, өзіңді Қазақстан Республикасының Қарулы күштер қызметіне дайында.
14. Заманауи талапқа сай мәдениет пен техниканы меңгеріп, әр түрлі шығармашылық қабілеттеріңді дамыт.
15. Өз еңбегіңді дұрыс ұйымдастырып, уақытыңды үнемді пайдалан.
16. Қоғамдық орындар мен көшеде әдеп ережесін сақта.
17. Достарыңа адал болып, мектеп ұйымының тұтастығын сақтап, оның пайдалы жақтарын дамыт;
18. Ата-ана, отбасы мүшелеіне құрмет көрсетіп, үй шаруасына көмектес.
19. Ұстаздардың еңбегіне құрметпен қара. Мұғалімдердің, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының талаптарын белсенді қолдап, орында.
20. Мектеп формасын, Алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру пәндерінің бекітілген киім үлгісін қатаң түрде сақта.
21. Қоғамдық, жеке бас гигиенасын, қысқа және ұзын шашты жинап оқушыға сай шаш үлгісін сақта.



СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Сынып жетекшісі нені білуі қажет?

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:

- жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы;
- сынып ұжымының бірлескен іс-шараларын ұйымдастырушы;
- оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне түзетулер жасаушы;
- сыныпта қолайлы моральдік–психологиялық ахуал қалыптастыру үшін, сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал жасаушы.

I. Әлеуметтік міндеттері

Бұл – баланы қорғау, көмек көрсету, отбасымен бірігіп, баланың дамуына, оның даралық қасиеттерін қалыптастыруына жағдай жасау үшін байланыс орнату.

II. Диагностикалық-әдептік міндеттері

Сыныппен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін, сынып жетекшісі өз оқушыларын, олардың ерекшеліктерін, дара қасиеттерін білуі керек.

III. Жеке–дара практикалық міндеттері

Оқушылармен жұмыс ұйымдастыруға тиімді педагогикалық құралдарды таңдап алуды, өз жұмысын жоспарлауды, талдап түзетуді және педагогикалық рефлексі жатады.

1. Оқушының жеке дамуын бақылау, оның өрісін дамып, қабілеттерінің ашылуына жағдай жасау.
2. Оқушының ынтасын, қабілетін зерттеу, бағдар беру.
3. Оқушыларды қоғамдық қатынастарға жеке дара, топтық әрекетін ұйымдастыру.
4. Оқушылардың еркіндіктері мен құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасау.
5. Оқушылардың тұрмыс жағдайын зерттеу.
6. Оқушылардың дамуындағы жеке мінез құлықтарындағы ауытқуларды байқау, оларды психологиялық және педагогикалық тұрғыдан түзету.
7. Өмірде кездесетін күрделі проблемаларды шешуде көмек көрсету.
8. Оқушылардың әлеуметтік және заңды құқықтарын қорғау.
9. Өз іскерлігі мен жауапкершілігін дәлелдей отырып, балалармен жылы қарым-қатынас орнату.

10. Үнемі практикада педагогика, психология

IV. Сынып жетекшісінің құқықтары

1. Оқушылардың денсаулығы және психологиялық жағдайы туралы мағлұмат алып отыру;
2. Сынып оқушыларының сабаққа қатысуын қадағалау;
3. Уақытында көмек көрсету мақсатымен оқушылардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы толық мағлұмат жинап отыру;
4. Кіші педкеңестер, консилиумдер өткізу арқылы сынып оқушыларына тәрбиелік ықпал жасайтын пән мұғалімдерінің жұмысын ұйымдастыру;
5. Сыныптағы қыздармен, ұлдармен, ата-аналармен өткізетін жұмысты мектеп психологы, әлеуметтік педагогтар, дәрігер немесе медбикелермен бірге жоспарлау керек.
6. Ата-аналарды мектепке шақырып тұру.
7. Егер сынып жұмысының бағасымен келіспесе, өзінің намысын қорғау үшін, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарында немесе мұғалімдер кеңесінде сөз сөйлеуге құқығы бар.

V. Не істеуге болмайды?

Сынып жетекшісі:

1. Оқушының намысын қорлауға;
2. Қосалқы ат қоюға, кемсітуге;
3. Оқу бағасын оқушыны жазалау үшін қолдануға;
4. Оқушының сенгіштігін пайдаланып, уәдесіне тұрмай, қате бағдар беруге;
5. Отбасын оқушыны жазалау үшін әдейі пайдалануға;
6. Әріптестерін сыртынан жамандауға немесе кәсіби беделін түсіруге құқы жоқ.

VI. Іс – қағаздары мен есеп беру

Мынадай іс-қағаздар жүргізеді:

- Сынып журналы;
- Тәрбие жұмысының жоспары;
- Сынып жетекшісінің дәптері;
- Оқушының күнделіктері;
- Тәрбиелік шаралар жинақталған папка;
- Оқушының жеке құжаттары;
- Оқушыларды зерттеуге арналған психологиялық-педагогикалық карталар;
- Сынып жетекшінің циклограммасы.

VII. Күнделікті атқаратын қызметі

1. Сабаққа кешігіп келген, немесе сабаққа келмей қалған оқушының себебін анықтау;
2. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру;
3. Сыныпта кезекшілік ұйымдастыру;
4. Оқушылармен жеке-дара жұмыс.

X. Тоқсан сайынғы жұмыс

1. Сынып журналын толықтыру;
2. Сынып жетекшілерінің семинарына қатысу;
3. Тоқсан сайын тәрбие жұмысын қорытындылау жаңа тоқсанға жоспарды толықтыру;
4. Ата-аналар жиналысын өткізу.

IX. Ай сайынғы жұмыс

1. Өз сыныбындағы сабақтарға қатысу;
2. Мектеп психологымен кездесу;
3. Ата-аналар комитетімен кездесу;
4. Тәрбие жұмысы бойынша жиналыстарға қатысу.

VIII. Апта сайынғы жұмысы

1. Оқушының күнделігін тексеру;
2. Сыныппен жоспар бойынша іс-шара өткізу;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Пән мұғалімдерімен жұмыс;
5. Оқушылардың ауырғаны туралы анықтамасын жинақтау.

XI. Жылына 1 рет:


1. Ашық іс-шара өткізу;
2. Оқушының жеке құжаттарын толтыру;
3. Сынып жұмысынын жоспарын талдау;
4. Сыныптың статикалық көрсеткіші.

Сынып жетекшісі білуі керек заңдар мен талаптар

1. «Білім беру туралы» ҚР заңын білуі керек.
2. Бала құқығы туралы конвенцияны /1993/ білуі керек.
3. Тәрбие тұжырымдамасын білуі керек.
4. Балалар мен жасөспірімдердің психологиясын білуі керек.
5. Әлеуметтік педагогика мен психологияны білуі керек.
6. Мектеп гигиенасын білуі керек.
7. Педагогтік этиканы білуі керек.
8. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін білуі керек.
9. Еңбек заңының негіздерін білуі керек.

Шығармашылық жұмыс тақырыбы:

**«Жобалау технологиясы бойынша
оқушылардың тәрбие жұмысын
ұйымдастыру және
шығармашылыққа баулу»**



Жоба – бұл нәтижелі

қызмет.

Жобаның бірнеше түрлері бар:

зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік ойын, практикалық. Ұзақтылығы жағынан да жобалар әртүрлі болуы мүмкін: қысқа мерзімді (бір,екі сабақ), орташа (жұмадан айға дейін), ұзақ мерзімді (айдан бірнеше айға дейін).

Жобаны орындау мақсаты-

қарым – қатынас, сөйлеу барысында оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылату болып табылады. Жобамен жұмыс істегенде, оқушылар ақпарат жинайды. әр түрлі ғылыми, бұқаралық жазбаларды қолданады. Компьютермен ғаламторда жұмыс істеуге, ақпарат іздеуге үйренеді. Жобаны қорғау барысында оқушылар өздері дайындаған коллаждарды, бейне фильмдерді, әр түрлі кестелерді пайдаланады. Бара – бара ғаламторда өз сайттарын ашып, жобаларын көпшілікке ұсынуға болады.

Жобаны орындауда оқушыларға талап қойылады:

өз ынтасымен, ықласымен, өз бетімен, шығармашылық сезіммен мәселені шешу. Ал оның жобалық қызметі өнімді жұмыс болып табылады.



Жобалау технология бойынша оқушылар жұмыстардың бірнеше түрлерін орындайды.

Мысалы: доклад, реферат дайындап, баяндау; әртүрлі шығармашылық жұмыстарды дайындау; пән бойынша апталықтың бағдарламасын жасау, мерейтойлардың ашуларын дайындау (ұйымдастырылған жоба); шағын қойылымдар, концерттер дайындау (проект – инсценировка); жобалар бойынша жасаған моделдерін пайдаланып көрме ұйымдастыру (проект – выставка); жоба бойынша видеофильм түсіру (проект – видеофильм); компьютерді қолданып, видеоклип, слайд, музыкамен сүйемелдеу (проект – мультимедийный).

Жобалау проекті қолданғанда, мұғалімнің де, оқушының да өз қызметі бар. Қызметтер толық орындалмаса, проект өз нәтижесіне жетпейді.



• Саты Мұғалімнің қызметі Оқушының қызметі

- 1.1.Тақырып таңдау Тақырып таңдау,оқушыға ұсыну. Тақырыпты талқылауға қатысу. Талқылайды, тақырып бойынша бір шешімге келеді.
- 1.2.Жоба тақырыбын тақырыпшаларға бөлу. Алдын-ала тақырыпшаларға бөлу, оқушыларға ұсыну. Оқушылармен бірге жоба тақырыпшаларын талқылауға қатысу. Әр оқушы өзіне тақырыпша таңдайды немесе басқа түрін ұсынады. Тақырыпшаны талқылайды.
- 1.3.Шығармашылық топ қалыптастыру. Нақты тақырыпшалар таңдап алған қызметі бар оқушылардың біріге жұмыс істеуін ұйымдастыру. Оқушылар өз рөлдерін анықтап алады, топқа бөлініп,шағын команда құрады.
- 1.4.Зерттеу жұмысына байланысты материал дайындау: жауап беретін сұраққа тұжырымдама жасау, командаға тапсырма беру,керекті әдебиеттерді таңдау. Жоба көлемді болса, алдын ала тапсырма даярлау. Іздену жұмысына сұрақтар және әдебиеттер дайындау. Тапсырмалар дайындауға қатысады.Сұрақтарға жауап ізденуге кіріседі.
- 1.5.Жоба қызметінің қорытындысын анықтау. Талқыға қатысады. Топтағы оқушылар зерттеу жұмысының қорытындысы туралыталқыға салады. Қалай көрсетуге мүмкіндігін ойластырады.
- 2 Жобаны даярлау, талдап жазу. Консультация береді, жұмысты үйлестіреді. Ізденіс қызметін атқаратын оқушылар орындайды.
- 3Нәтижені хаттау, көркемдеу. Консультация береді, жұмысты үйлестіреді. Оқушылар топ бойынша басқа топтардың қатысуымен нәтижені хаттайды,көркемдейді, қабылданған ережеге сәйкес жұмыс орындайды.
- 4 Презентация. Эксперименттерді ұйымдастырады.
- Мысалы: эксперт ретінде жоғары сынып оқушылардың ата-ана, мұғалімдерді шақырады. Өз жұмыстарының нәтижесі туралы баяндама жасайды.
- 5Рефлексия Оқушылардың қызметі арқылы өз қызметіне баға береді. Өзгелердің бағасын есепке ала отырып, жұмыс жасалады.

- **Сабақ үлгісі. Сыныппен жұмыс**
- **Монопроект.** Шілік елді мекенінен тарихы.
- **Проектің типі:** ақпараттық,лингвистикалық.
- **Дайындау уақыты:** екі апта.
- **Мақсаты:** оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру; өз бетімен ақпарат іздеуге, талдауға үйрету; эстетикалық тәрбие мен зияның түсінуге тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті: әр топ оқушыларының өз қызметі болу. Жұмыс жоспарын құру, көрнекілік дайындау, мәлімет жинау,талқылау.

Жұмыс барысы:

- Оқушыларды төрт топқа болу.
- I топтың тақырыбы: «Шілік : көнеден жаңаға дейін.»
- I топтың жоспары:
- II топтың тақырыбы: «Шілік елді мекенінен шыққан тұлғалар»
- II топтың жоспары:
- III топтың тақырыбы«Шілік елді мекенінің географиялық орналасуы».
- III топтың жоспары:
- IV топтың тақырыбы «Шілік елді мекенінің халқы және әлеуметтік жағдайы.»
- »
- IV топтың жоспары:
- **Сабақтың қорытындысы.**
- **Жобаларды бағалау, қателерін түсіндіру, жетістіктерін айту.**



Сабақ үлгісі.

Жеке тұлғамен жұмыс

Оқушы: Құралай Назерке

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру; өз бетімен ақпарат іздеуге, талдауға үйрету; эстетикалық тәрбие мен зияның түсінуге тәрбиелеу.

Жобаның міндеті: Жұмыс жоспарын құру, көрнекілік дайындау, мәлімет жинау, талқылау.

Жұмыс барысы:

Оқушыларды

I жоспары: Ә.Қастеев өмірбаяны

II жоспары: Өмір жолы

III жоспары: Суретші туындылары

IV жоспары: Суретші өнері сенің көзіңмен (суретші портретін салу, бір туындысын қайта салу т.б)

Сабақтың қорытындысы.

Жобаларды бағалау, қателерін түсіндіру, жетістіктерін айту.

Менің 10 сыныбым



**Тыңдағандарыңызға
рахмет!!!**

